



Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы

идеядан бизнеске
Copyright © 2005

Сұрақтар мен жауаптар

1) Төлемақының бұл түрі қандай жағдайларда алынады?

- табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарларды табиғи ортадан айырғаны үшін алынады.
- жануарларды ен салу және сақина салу мақсаттары үшін, шаруашылық және ғылыми-зерттеу мақсатында шағылыстыру және бейімдеу үшін ұстап алып кейіннен табиғи ортқа жіберген кезде төлемақы алынбайды.

2) Жануарлар әлемінің қай түрлеріне төлемақы алынады?

- аңшылық объектілері болып табылатын жануарлар түрлері;
- балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері;
- сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлері;
- өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жануарлар түрлері (аңшылықтан және балық аулаудан басқа).

Аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің санаттары үшін төлемақы осы хайуанаттардың бағалы түрлеріне ғана белгіленеді.

Аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Өкіметі белгілейді. Жануарлар дүниесін пайдалану жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін пайдалану үшін төлемді әрбір жекелеген жағдайда осы жануарларды табиғи ортадан аулауға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Өкіметі белгілейді.

3) Төлемақыны төлеушілер кім?

Жануарлар дүниесін пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

4) Төлемақы ставкалары қандай?

Төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Өкіметі белгілейді. Қазақстан Республикасы Өкіметінің 2002 жыл 15 сәуірдегі №429 Қаулысы.

5) Төлемақы есептеу, жинау және төленген сомасы қайтару тәртібі қандай?

Төлемақы сомасы ставкалар мен жануарлардың саны (су жануарлардың жеке түрлері үшін салмағы) негізге алына отырып белгіленеді.

Бюджетке төлемақы сомаларын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар арқылы аудару не жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде ақшаны қолма-қол төлеу арқылы жүргізіледі.



Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

Жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері төлемақы сомасын қабылдауды қатаң есеп бланкілері негізінде қолма-қол ақшамен жүзеге асырады.

Қатаң есеп бланкілерінің нысанын және қолма-қол ақшамен енгізілген төлемақы сомаларын бюджетке енгізу тәртібін уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

Төлеушілер төлемақы сомасын белгіленген ставкалар бойынша дербес есептейді және жануарлар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінен рұқсат алғанға дейін төлейді.

Бюджетке төлемақы енгізу жануарлар дүниесін пайдалану орны бойынша жүргізіледі. Төлемақының төленген сомалары қайтарылмауға тиіс.



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы

идеядан бизнеске
Copyright © 2005

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 16

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы
идеядан бизнеске
Copyright © 2005

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!

Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
 - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
 - Салық есебін құру және тапсыру
 - Қаржыны жоспарлау
-

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.

Байланыс адресі:

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева
«СодБи» Бизнес-инкубаторы
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент
Тел. +7 (3252) 570378, 512003
e-mail: l.ismatullayeva@sodbi.kz
Веб-сайт: www.sodbi.kz*



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы
идеядан бизнеске
Copyright © 2005